Бұл мақалада XVI-XVII ғасырлардағы Сефевидтер әулеті мен Осман империясы арасындағы саяси, әскери және экономикалық қатынастар талданады. Екі империя арасындағы шиеленістің негізгі себептері ретінде діни айырмашылықтар мен геосаяси мүдделер қарастырылады. Сонымен қатар, әскери қақтығыстарға қарамастан, тараптар арасындағы сауда байланыстары мен дипломатиялық қатынастардың сақталғаны көрсетіледі. Ғылыми мақалада тарихи деректер мен келісімдерге сүйіне отырып, екі империяның аймақтық саясатқа ықпалы сараланды.

Кілт сөздер: Сефевидтер, Осман империясы, Сауда қатынастары, Діни айырмашылық, Геосаяси мүдде, Дипломатия.

XVI-XVII ғасырлар - Таяу және Орта Шығыс тарихында Сефевидтер мен Осман империясының билігі шарықтау шегіне жеткез кезең. Бұл екі ірі мұсылман мемлекеті аймақтағы үстемдік үшін өзара бірнеше рет қақтығысып, көптеген соғыстар жүргізді. Олардың арасындағы қатынастар тек әскери-саяси тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге діни, мәдени және экономикалық факторлармен де күрделене түсті.

Сефевидтер әулеті Иран аумағында билікке келіп, шиіттік бағытты мемлекеттік идеология деңгейіне көтерді. Бұл жағдай сунниттік бағыттағы Осман империясымен шиеленіс туғызды. Осы діни айырмашылықтар екі мемлекеттің арасындағы идеологиялық текетіресті одан әрі күшейтті. Мысалы, Осман сұлтандары өздерін бүкіл ислам әлемінің қорғаушысы ретінде танытқысы келсе, Сефевидтер Иран мен көршілес аумақтарда шиіттік дінді таратуға тырысты. Сонымен қатар, Кавказ бен Месопотамия, Шығыс Анатолия секілді шекаралас аумақтар үшін күрес бұл екі империяның қарым-қатынасын одан сайын шиеленістірді.

Сефевидтер мен Осман империясы арасындағы соғыстардың ішіндегі ең маңыздысы – 1514 жылғы Чалдырған шайқасы. Бұл шайқаста I Селім бастаған Осман әскері Исмаил I басқарған Сефевид әскерін жеңіп, Анатолия мен Ирак аумақтарындағы үстемдігін күшейтті. Алайда, Сефевидтер бұл соғыстан кейін де өзінің тәуелсіздігін сақтап қала алды және кейінгі жылдары бірнеше рет әскери жауап қайтарды.

Тахмасптың тұсында Сефевилер мемлекеті өрлеу мен даму сипатында болды. Ал, Осман империясы ше? Осман империясы бұдан да қуатты болып, ол кезде империяны даңқы асқан тәжірибелі сұлтандардың бірі Сүлеймен сұлтан басқарды. Екі билеуші де мінезді және қайратты болып, ол екі империя арасында ұзаққа созылған соғыс пен өзара тартыс жағдайларын тудырып отырды. Екі империя мұсылман әлемінің көшін бастайтын

мемлекеттер болғанымен, алайда діни және саяси ұстанымдары сәйкес келмеді. Сондықтан, осы XVI ғасырдың басында осман сұлтаны I Селім мен шахиншах Исмаил тарапынан басталған соғыс қимылдары олардың ұрпақтары мен ізбасарлары болған Сүлеймен сұлтан мен шах Тахмасп арасында өзінің заңды жалғасын тапты.

XVI ғасырда Сефевилер Осман империясымен тынымсыз соғыс жүргізді. Ол соғыстарда түріктер басымдық танытып отырды. Әскері нашар ұйымдастырылып, ескі қару-жарақпен қаруланған Сефевилер мемлекеті қорғаныспен шектеліп отырды. 1514-1555 жылдардағы соғыс Амасьедегі бітім шартымен аяқталды. Грузия, Батыс Армения және арабтық Ирак – Осман империясының үлесіне, Шығыс Грузия мен Шығыс Армения және Әзірбайжан – Сефевилік Иран үлесіне тиді.

1578 жылы Осман империясы Иранға қайтадан соғыс ашты. Ол соғыс 1590 жылға дейін созылды. Оның мақсаты – Закавказье мен Волга-Каспий сауда жолын басып алу болды. Сефевилер мемлекеті өте қолайсыз Стамбул бітім шартына қол қоюға мәжбүр болды. Ол шарт бойынша Осман империясы Шығыс Грузияны, Шығыс Арменияны, Күрдістан мен Әзірбайжанды және Луристинаның біраз бөлігін алды. Осман империясы тарапынан тынымсыз төнген қауіп астананы Тебризден Казвинге көшіруге мәжбүр етті.

Сефевилер мемлекеті I Аббас шах тұсында өз дамуының шырқау шегіне жетті. Бытыраңқылық жойылып, бір орталықтан басқарылатын билік күшейтілді. Аббас 1597 жылы астананы Казвиннен Исфаханға көшірді. Енді I Аббас Осман империясымен соғысқа дайындала бастады. Ол 12 мыңдық атқыштар корпусын, 10 мыңдық гулямдардың атты әскерін құрды. Гулямдар Кавказ халықтарының, көбінесе грузиндер мен армяндардың кішкентайынан ата-анасынан тартып алынып, мұсылмандық рухта әскери тәрбие алған жастары болатын.

Ағылшын нұсқаушыларының көмегімен Аббас оқ-дәрімен атылатын қаруларды, артиллериямен соғыс ісіне енгізді. Осындай жастайынан әскери дайындықтан өтетін тұрақты армиямен қатар Аббас феодалдардың жасақтарын пайдаланды. Жалпы Аббастың қол астында 120 мыңдық жақсы қаруланған армия болды. Осы армиямен 1602 жылы Сефевидтер Осман империясына қарсы соғыс ашты. Бұл соғыс 10 жылға созылды. 1612 жылғы шарт бойынша Сефевидтер 1590 жылы Осман империясына берген жерлерін қайтарып алды.

XVI ғасырдың 60-шы жылдарында Әзірбайжанда болған ағылшын саудагері Энтони Дженкинсон, Сефевидтер мен Осман империясы арасындағы экономикалық қатынастарға назар аудара отырып, Ширванның ең ірі сауда орталықтарының бірі Ареш қаласына көп шетелдік саудагерлер, оның ішінде түріктер жібек-сыр сатып алу үшін келгенін жазған. Басқа ағылшын саудагері Артур Эдвардс түріктер Сефевилер мемлекетінде жыл сайын 400-500 түйір жібек сатып алып, оларды күміс арқылы төлейтінін атап өткен. Ол сондай-ақ ауыл тұрғындары жібек сырды сатуға шығарғанда, қолында ақшасы бар түрік саудагерлерінің оны өте тиімді бағаға сатып алатынын жазған. Айта кету керек, XVI ғасырда Стамбул мен Бурсада өндірілетін көптеген маталар Сефевидтер мемлекетіне экспортталды. Испания елшісі Векьеттидің есебінде Осман империясынан Сефевидтер мемлекетіне жүн маталар мен басқа да өнімдер әкелінгені туралы мәліметтер бар.

Дегенмен Иран үшін басты қауіп- Осман империясы болды. Бұл мемлекеттің исламың қасиетті қалаларын бақылауға алуы, сұлтанның «мұсылмандардың халифы» деген ресми атаққа ие болуы, яғни бүкіл мұсылмандардың рухани көсемі ретінде танылуы, сондай-ақ осман түріктері мен түркі текті қызылбаштардың этникалық жақындығы Сефевид мемлекеті үшін аса күрделі сын-тегеуріндер еді.

Еуропалық тарихшылар парсының жібек пен шикізаты тек Осман империясының текстиль өндірісі үшін қажет болды деген тұжырым жасайды. Алайда шын мәнінде бұл шикізатқа тек Османдар емес, Еуропада да әсіресе Англияда, жаңа қалыптасып келе жатқан

буржуазия үшін сұраныс болған. Бұл кезеңде капитализм дамуына қолайлы жағдай туып, еуропалықтар арзан шикізат көздері мен тиімді нарықтар іздеп, Шығысқа қарай бет бұрған еді.

XVI ғасырдың ортасына қарай Османдар парсы жібегінің батыста шығатын жолдарын толық бақылауда ұстады. Алайда 1555 жылғы Амасия бейбіт келісімінен кейін, орыстардың Қырымға жылжуына жауап ретінде, османдық ұлы уәзір Мехмет Соколлу Ресейдің Орта Азиядағы мұсылман байланысын үзу жоспарын ойлап табады. Себебі, Ресей тек саяси ғана емес, Османдардың сауда мүдделеріне де қауіп төндіре бастады.

Бұл олардың Дон-Волга каналының құрылысын жүзеге асыруға қарсылық көрсетуімен түсіндірілді. Венециандықтармен бейбіт келісіміне қол қойған түріктер, парсыға қарсы шығып, бұл елдің тек олардың ескі дұшпаны емес, сонымен қатар екі қарсыласының – Ресей мен Португалияның одақтасы болғанын көрсетті. Сефевидтер әулеті өзінің стратегиялық орналасуы арқасында Еуропа мен Азияның арасында орналасқандықтан қайтадан соққыға ұшырады. Сонымен қатар, бұдан тыс Шах Тахпасмтың өлімі Персияда ішкі дүрбелеңдеп туғызып, оларды түріктер пайдалана алды және соның негізінде қазіргі Әзербайжанның едәуір бөлігін, Грузияны, Ширванды, Луристан мен Гиляннның бір бөлігін басып алды.

Қорыта айтқанда, XVI-XVII ғасырлардағы Сефевидтер мен Осман империясы арасындағы қатынас – мұсылман әлеміндегі ең күрделі және көпқырлы халықаралық қатынастардың бірі болды. Бұл қатынас діни идеологиядан бастау алып, әскери және экономикалық қарсыластыққа ұласты. Қарулы қақтығыстар, дипломатиялық келіссөздер, сауда-саттық, діни насихат – бәрі осы екі империя арасындағы терең текетірестің көрінісі болды. Бұл күрес тек аймақтық үстемдік үшін емес, сонымен бірге мұсылман әлемінің идеологиялық болашағы үшін жүргізілетін еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Жұмағұлов Қ. Т., Мырзабекова Р. С., Беделова Г. С. Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 277 б.
2. Жұмағұлов Қ. Т., Әбдіқадыров Н. М. Халықаралық қатынастарда «Шығыс мәселесі» және Осман империясы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 270 б.
3. Ахундова Н. Вопросы сефевидо-османских взаимоотношений по материалам "Кембриджской истории Ирана" // История и ее проблемы. – 2013. –№2. – С. 424-430.
4. История Османского государства, общества и цивилизации. Том 1-2. / Под ред. Э. Исханоглу. – М.: Восточная литература, 2006.
5. Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы : оқулық / С. Ә. Тортаев. – Алматы : Нұр-Пресс, 2009. – 400 б.

ОРХАН ҒАЗЫ БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ОСМАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ӘКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

Уали Жансен Жеңісұлы
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Мақалада Орхан Ғазы билігі кезеңіндегі Осман мемлекетінің әкімшілік және әскери құрылымдарының нығаюы мен дамуы қарастырылады. Анадолы Селжұқтары мен Илханлы мемлекеттерінің әкімшілік тәжірибелері негізінде қалыптасқан осы жүйелердің басты органы ретінде диван ерекше орын алады. Мақалада везирлік институтының дамуы, әскери реформалар (жаяу әскерлер мен атты мүселлемдердің құрылуы), сондай-ақ сот және теңге басу жүйесі талданады. Орхан Ғазының мемлекетті орталықтандыру, кәсіби әскер құру саласын дамытудағы рөлі егжей-тегжейлі көрсетіледі. Бұл реформалар Осман мемлекетінің алғашқы кезеңдердегі берік негізін қалағанын атап өтіледі.

Кілт сөздер: Орхан Ғазы, Осман мемлекеті, Диван, Везирлік институт, Әскери реформа, Жаяу әскер, Атты әскер, Сот жүйесі.

Османлы мемлекетінің алғашқы ұйымдасуы Анадолы Селжұқтары мен Илханлы мемлекетінің мемлекеттік құрылымдарын үлгі етіп қабылдау арқылы қалыптасты. Бұл жүйенің басты орталығы - диван болды.

Диван - мемлекеттің ішкі және сыртқы мәселелері талқыланатын, саяси және әкімшілік шешімдер қабылданатын негізгі орган еді. Классикалық Османлы кезеңінде бұл мекемеге сұлтанның өзі төрағалық етсе, кейінгі уақытта оның орнына везир-и азам (садразам) тағайындалды. Алғашқы кезеңде, Осман Ғази билігі тұсында газилар мен бейлердің қатысуымен құрылып, маңызды шешімдер қабылданған құрылтай сипатындағы кеңес болғаны белгілі. Алайда, классикалық Османлы саяси институттарының бірі саналатын диван-и хұмайунның негізі Орхан Ғази дәуірінде қаланған деп есептеледі.

Мемлекеттік ұйымдасуда сұлтаннан кейінгі ең жоғарғы лауазым везир лауазымы болды. Везирлер сұлтанның өкілі ретінде ел басқаруға қатысып, мемлекеттің барлық салаларына бақылау жүргізді. I Мұрат дәуіріне дейін бұл лауазымға бір ғана адам ие болса, кейінірек бірнеше везир тағайындалып, олардың ішінен бірі везир-и азам (бас везир) ретінде бөлініп шықты. Аспорша Хатунның 1323 жылы жазылған вакфиясы бойынша, алғашқы Османлы везирі Хаджи Кемаледдинұлы Алаеддин Паша болған. Бұл тұлға діни білім иесі ретінде танылып, XIV ғасырдың соңына дейін везирлік міндеттерді улемалар атқарды. Мұндай тәжірибе Илханлылар мемлекетінде де болғандықтан, везирлік қызметтің алғашқы кезеңде Илханлы үлгісінде қалыптасқаны анық байқалады.

Орхан Ғази мемлекет мүддесін қорғай алатын, ұйымдасқан және тәртіпті армия құрудың маңыздылығын түсінді. Бастапқыда әскерді көшпенді газилар басқарғанымен, олардың ұзақ қоршауларға бейімсіздігі және уақытылы әрекет ете алмауы тұрақты әскердің құрылуына түрткі болды. Осы мақсатта Орхан Ғази везир Алаеддин Паша және Бурса қазысы Қара Халил Пашаның көмегімен әскер реформасын жүзеге асырды.

Осы кезеңде құрылған әскери жүйе екі негізгі бөлімнен тұрды: жаяу әскерлер және атты мүселлемдер. Бұл бөлімдер мың адамнан құралған және жауынгерлік қабілеті жоғары

түрік жастарының есебінен құрылды. Сарбаздар соғыс уақытында жалақы алып, бейбіт кезеңде оларға жер беріліп, салықтан босатылды. Олардың өндірген өнімі өздеріне тиесілі болды.

Жаяу және мүселлем бөлімшелері Қапықұлу әскері құрылмай тұрып-ақ, Изник қаласының алынуы мен Пеликанон шайқасындағы жеңістерге үлкен үлес қосты. Кейін бұл әскерлер тікелей соғысқа қатысудан босатылып, армияның тылдық қызметтерінде пайдаланылды.

Әскер ісін басқару бейлербей лауазымы арқылы жүзеге асты. Орхан Ғази кезеңінде бұл қызметті оның үлкен ұлы Сүлейман Паша атқарды. Сүлейман Пашаның қаза болуынан кейін бұл лауазымға Лала Шахин тағайындалды. Алайда, I Мұрат тұсында армия басшылығы Везир Чандарлы Халил Пашаға беріліп, бейлербей лауазымының маңызы төмендеді. Кейін бұл қызмет Румелия және Анадолы бейлербейі болып екіге бөлінді.

Орхан Ғази кезеңінде ерекше мергендігімен танылған арнайы түрік жаяу әскерлері құрылды. Бұл сарбаздар қызыл бүрке киіп ерекшеленген. Сонымен қатар, везир Алаеддин Пашаның ұсынысымен сұлтанның тікелей қарамағында қызмет ететін хасса жаяу әскерлері ұйымдастырылды. Олар ақ бүрке киген және тұрақты қызметте болды. Жаяу және атты сарбаздарының кейбірінің тәртіп бұзушылығы мен бағынбаушылығы себепті Орхан Ғази тұсында жаңа жандармия ұйымының негізі қаланды. Бұл құрылым христиан тұтқындарынан құралған тұрақты әскер ретінде пайда болды. Идея авторы - Чандарлы Қара Халил. Бұл ұйым кейін I Мұрат тұсында толық ұйымдастырылып, жаңа жандармия атауын алды. Тарихшылардың пікірінше, бұл құрылым дүниежүзіндегі алғашқы тұрақты әскер болып саналады. Еуропада мұндай жүйе тек 1447 жылы VII Шарль кезінде Францияда енгізілді.

Орхан Ғази армияны кәсібилендіру бағытында маңызды реформалар жүргізді. Бұрынғы кезеңдерде барлық халық газалық жорықтарға қатысса, бұл дәуірде тұрақты әскери жасақтар құрылып, олар арнайы киіммен жабдықталды. Осылайша, әскери құрылым кәсіби сипатқа ие болды.

Мемлекеттің тұрақтылығын сақтау мақсатында Орхан Ғази әкімшілік және сот жүйесін де жүйеледі. Ислам құқық қағидаларына сәйкес, сот билігі халифтің құзырында болды. Алайда, халиф бұл билікті өзінің атынан жүзеге асыратын өкілдер - қазылар арқылы іске асырды. Орхан Ғази дәуірінде Османлы мемлекетінің аумағы кеңейген сайын, соған сай сот құрылымы да дамыды. Қалаларға қади тағайындалып, олар жергілікті сот істерін жүргізіп отырды. Осман тарихындағы алғашқы белгілі қади - Чандарлы (Цендерелі) Қара Халил Паша болған.

Орхан Ғази кезеңінде қазылар әскери істерге араласпағанымен, сот жүйесінде маңызды орынға ие болды. Бурса қазысы ең жоғары діни-соттық органның өкілі ретінде өзге қазыларды тағайындау және қызметтен босату ісімен айналысты. Бұл жүйе казаскерлік лауазымы енгізілгенге дейін сақталып келді. Мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз ақшасын соғу ісі қолға алынды. Алғашқы кезеңдерде Османлылар Селжұқ, Моңғол және Византия тиындарын қолданған. Дегенмен, егемен мемлекеттің белгісі ретінде өз ақшасының болуы аса маңызды саналды.

Османлы тарихында алғашқы теңге Орхан Ғази билігінің екінші жылында, Бурса қаласы алынғаннан кейін бір жыл өткен соң соғылған. Бұл күміс теңгенің бір бетінде исламдық сенімнің негізі - «Лә иләһә иллаллаһ Мұхаммадун Расулуллаһ» және алғашқы төрт халифаның (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли) есімдері жазылды. Ал екінші бетінде: Орхан бин Осман, соғылған орын - Бурса, жыл - һижри 727 және Қайы тайпасының таңбасы бейнеленген. [33, 125 б.]. Бұл теңгеде араб тіліндегі жазулардың қолданылуы Орхан Ғази дәуірінде араб тілі кең таралмағанымен, оның жоғары құрметке ие болғанын білдіреді. Ибн Баттутаның «Саяхатнамесінде» де осы сипат аталып өтеді: арабша сөйлейтіндер қоғамда беделді орынға ие болған.

Исмаил Ғалиб пен Халил Эдхам құрастырған «Мескукат» каталогында Орхан Ғазиға тиесілі, татар үлгісіне ұқсас тағы бір теңге түрі сипатталады. Орхан Ғазидің билігінің алғашқы кезеңінде Илхан татарларына тәуелді болып, оларға салық төлегенін ескерсек, мұндай теңгенің пайда болуы ықтимал. Онда алдымен Илхан билеушісінің, кейін Орхан Ғазидің аты аталған болуы мүмкін.

Орхан Ғазиға тиесілі деп танылған бес түрлі теңге түрі анықталғаны айтылады. Ислам құқық жүйесіне сәйкес, билеушінің аты жұма намазында құтбада аталуы және өз атынан теңге соғылуы — оның заңды билік иесі екенін білдіретін басты шарттар қатарында. Сондықтан Орхан Ғази кезеңіндегі ақша басу ісі Османлылар үшін мемлекеттік егемендіктің нышанына айналды. Бастапқыда Илханлыларға тәуелді болғанымен, Орхан Ғази билігінің соңына қарай, әсіресе Илханлы мемлекетінің күйреуімен бірге, толық тәуелсіздікке қол жеткізгені анық байқалды.

Қорытындылай келгенде, Орхан Ғазы мемлекеттік басқарудың негізін қалап, орталықтандырылған әкімшілік және ақша жүйесін құрды, алғашқы уәзірлік институтын енгізді. Медреселер мен вакф жүйелерін қалыптастыру арқылы дін мен білім беру саласына ерекше мән бергенін көрсетті. Орхан Ғазы әскери салада да терең өзгерістер жасады: тұрақты жаяу және атты әскерлер құрылып, әскерлерге жалақы тағайындалды, олар соғыс болмаған уақытта шаруашылықпен айналысуға мүмкіндік алды. Бұл өзгерістер Осман армиясының кәсібиленуіне жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Gunan Ömer. Orhan Gazi Döneminin Siyasi Olayları, Devlet Teşkilatı, İlim ve Kültür Hayatı. Şanlıurfa: 2014.-98 s.
2. Halil İnalcık. Osmanlı Devleti‟nin Kuruluş Problemi. Doğu Batı Makaleler I – Ankara: «Doğu Batı», 2010.-121-139 ss.
3. Akgündüz Ahmed. Bilinmeyen Osmanlı.-İstanbul: «OSAV», 1999.-527 s.
4. Ocak Ahmet. Osmanlı Devleti Ve Medeniyeti Tarihi. Çeviren: İhsanoğlu, Cilt 2. – İstanbul: «Ircıca», 1998.-849 s.
5. İsmail Hakkı Uzunçarşılı. Osmanlı Tarihi. Ankara: TTK Yayınları, 1972. Cilt 1.-638 s.

КОНСТАНТИНОПОЛЬДІҢ АЛЫНУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ-ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Тоқтарбеков Мәди Ермекұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих факультеті «6В02205-Тарих» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

Бұл мақалада 1453 жылы Константинополь қаласының Осман империясы тарапынан алынуы және оның әлемдік саяси-тарихи маңызы жан-жақты қарастырылады. Византия империясының құлауы тек бір мемлекеттің жойылуын ғана емес, бүкіл бір дәуірдің аяқталуын білдіреді. Сұлтан II Мехметтің бұл жеңісі Осман мемлекетін халықаралық деңгейдегі державаға айналдырды. Мақалада қаланың алынуына әсер еткен саяси, діни, мәдени және психологиялық факторлар талданып, бұл оқиғаның Еуропа мен Шығыстағы тарихи үдерістерге әсері сараланады. Сонымен қатар, авторлар тарихи деректер мен зерттеулерге сүйене отырып, бұл оқиғаның өркениеттік маңызын көрсетуге тырысады.

КОНСТАНТИНОПОЛЬДІҢ АЛЫНУЫ, ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ, СҰЛТАН II МЕХМЕТ, ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ, ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХ

Адамзат тарихында әлемдік деңгейдегі көптеген ірі саяси процестер мен ірі өркениеттердің орнын ауыстыратын тарихи оқиғалар болып өткен. Осындай оқиғалардың бірі – ортағасырлық Батыс пен Шығыстың қақпасы саналған Константинопольдің 1453 жылы османдар тарапынан алынуы мен Византия империясының құлауы болды. Константинополь қаласының алынуы 1453 жылы 6 сәуірде басталып, 29 мамырда қаланы осман әскерінің басып алуымен аяқталды.

Константинопольдің алынуы Шығыс Рим империясының құлауын және бүкіл бір мәдениет пен өркениеттер тарихының аяқталған кезеңін көрсетіп берді. Сондықтан, бұл тақырып әрқашан да өзекті болып саналады. 1453 жылы 29 мамырда әлемдік мәдениет пен өркениеттің ірі ошағы саналған Византия астанасы Константинопольдің осман сұлтаны II Мехмет тарапынан алынуы осы географияда жаңа бір тарихи кезеңнің басталғанын көрсетті. Қаланың алынуы негізінен әскери соғыстың нәтижесінде орын алғанымен, оның тарихи және өркениеттік маңызы өте терең еді.

Ұзақ жылдар бойы тарих ғылымында Константинопольдің алынуы мен Византияның құлауы бойынша әр түрлі теориялар мен ғылыми тұжырымдамалар қалыптасты. Оның ең негізгілерінің бірі – "түріктердің қаланы асқан жауыздықпен қиратуы және мыңдаған жылдар бойына дамыған византиялық мәдениет пен өркениетті жойып жіберуімен" сипатталды. Қаланы алудағы түріктердің әрекеттері варварлық сипатта болды деген тұжырым басым болып келді. Мұндай тұжырымдама әсіресе кеңестік ғылымда ұзақ жылдар бойы қолданылып келді. Дегенмен, қазіргі кезеңде тарих ғылымында еніп жатқан жаңа тұжырымдамалар мен теориялар мұндай біржақты көзқарастар мен ұстанымдардан арылып, шынайы тарихтың жазылуына арқау болуда [1]

Византия тарихшысы Критовулдың жазуы бойынша Константинополь 1453 жылы 29 мамырда, яғни өзінің негізі қаланған уақыттан бері 1124 жыл өткен соң алынды. Император Константин XI Палеолог соғыс майданында қайтыс болды. Византиялық хронист сұлтан II Мехмет пен оған қарсы соғысқа шыққан Византия империаторының ерліктерін ерекше суреттейді [1, 81 р.]. Қаланың алынуы мен Византия империясы өзінің құлағанын жариялауы

бірінші кезекте түріктер үшін тиімді болды. Осман билігі өзінің тарихын жаңартты. II Мехмет сұлтанның есімі бүкіл Еуропаға таралды. Оған халық «Фатих» деп жаңа есім (Fâtih-жеңуші) берді.

Стамбулды жаулап алған II Мехмет қаланы үш күн бойы олжа ретінде тонауға рұқсат берді, бірақ екінші күннің соңында тонауды тоқтатты. II Мехмет сұлтан жоспар құрды Біріншісі Ыстамбұлды өз империясының астанасы ету, екіншісі Шығыс Рим империясының немесе Византия империясының аяқталмағанын жариялау және оның XI Константиннің орнына келгенін және оның «Қайсер-и Рум» (Кайсер) титулына ие болғанын бүкіл әлемге жариялау болды. Бұған жол анық болды. Стамбулды қалпына келтіру үшін жұмыс істеді [2]. Стамбулды жаулап алғаннан кейін II Мехмет 1454-1457 жылдар аралығында Сербияға үш жорық жасады. Белградтан басқа Сербияның барлығын иеленді. Белград қоршауындағы ең үлкен қателік Заганос паша болды. Нәтижесінде сұлтан II Мехмет Заганос пашаны бас уәзірлік қызметінен босатып, жер аударылды.

Константинополь бұған дейін жиырмадан астам мемлекет тарапынан қоршауға алынған болатын. Осы қоршаулардың нәтижесінде Ыстамбұл қирап қалды. Әсіресе 1204 жылы латындар Стамбулды басып алып, көптеген құрылыстарды қиратты. Уақыт өте Ыстамбұл бұрынғыдан да нашарлап, Еуропа жағының белгілі бір аймағында ғана қабырғалармен қоршалған қала мемлекеті болып қала берді. Иналжык Фатих Фатих Ыстамбұлды қоршаудан бұрын қала халқының саны 50 мың болғанын айтады. Ватин бұл көрсеткіштің 40 000 шамасында болғанын айтады [2, 107 s.].

Қаланың құлауының саяси және тарихы маңызы өте терең және ауқымды деуге болады. Қаланың алынуы мен империяның құлауына қатысты маңызды тұжырымдамалардың бірі діни фактормен байланысты болып, ол – Батыста Рим шіркеуі Шығыстағы, яғни Византиядағы христиандарға қолдау білдірмеді деп көрсетіледі. Әуел баста Рим империясымен тарихы тамырлас болған Византия Классикалық орта ғасырларда гректердің мемлекетіне айналып, мұнда римдіктердің жүйесі, дәстүрі мен мәдениеті мүлде сақталмағандай еді. Бұл кезеңде тіпті, Рим қаласы Католик шіркеуінің, ал Константинополь Православие шіркеуінің орталығы болып, Классикалық орта ғасырда бір діннен шыққан екі конфессия арасында шиеленіс күшейген еді. Оның басты мысалы Рим папасы тарапынан бірнеше рет ұйымдастырылған Крест жорықтары болып және оның ішінде ең негізгісі 1204 жылы Константинопольдің римдіктер тарапынан алынуы болған болатын.

Мұндай жағдайлар православтар мен католиктер арасында діни жіне саяси қарама-қарсылықты уақыт санап күшейтті. Ал, түріктер бұл жағдайды өте ұтымды пайдаланды. Айта кетерлігі, бұған дейінгі кезде крестшілер немесе итальян мемлекеттері тарапынан Византияға қауіп төнген кезде түріктер оларға көмек беріп отырған. Демек, түріктер Византия астанасын сыртқы күштерден бұрыннан қорғап, оған қызғанышпен қараған. Келесі кезекте 1453 жылы Византия мен Осман мемлекетінің арасындағы соғысы римдіктер мен түріктер арасындағы соғыс емес, ол гректер мен түріктер арасындағы соғыс деп сипатталды. Бұл туралы византиялық тарихшылар да суреттейді [3].

Екі күндік тонаудан кейін II Мехмет жаулап алғаннан кейін осы кезеңде гректерге бостандық беретінін мәлімдеді. Ол қоршау кезінде қашып шыққан гректерге үйлеріне қайтуды, егер олар оралса, қираған үйлерін қалпына келтіріп, өтемақы төлейтінін айтты. Тұтқынға түскен гректерге төлем төленді; еркіндікке қол жеткізгісі келген, бірақ ақшасы жоқ адамдар Стамбул құрылысынан алатын ақшамен төледі. Осы уақытқа дейін гректерге Византия мемлекет қайраткерлері әдетте оң көзбен қарамады.

Осылайша Фатих сұлтан грек халқын өз жағына тартты. Мехмет II-нің ең жақын кеңесшісі, тарихшы Михаил Критовулос былай деп баяндаған: «Ол Ыстамбұлды бұрынғы қалпына келтіргісі келмеді, керісінше, оны мүмкіндігінше жаңа әрі кемелірек күйге келтіріп, оның империясына айналдыратын қаланың астанасын осында көшіруді көздеді». Фатих тіпті

қала әкімшілігін бұрынғы Византия мемлекет қайраткері Лукас Нотарасқа беруді ойлады, бірақ кейін бұл идеядан бас тартты. Шын мәнінде, Лукас Нотарас 1453 жылы маусымда өлтірілді. Сонымен қатар, грек шіркеуінің басшысы болып патриарх Схолариос Геннадиос тағайындалды. Гректер арасындағы дауларды православиелік соттар шешті [4].

Белгілі болғандай, Ыстамбұл II Мехметке дейін қаншама түркі-мұсылман халықтары тарапынан алынбақ болған. Бірақ сәті түспеген. Ол тек Батыстан келген кресшілер тарапынан ғана алынған. Кейін Османлылар оны төрт рет (1391, 1394, 1396, 1400 жылдары), Мұса Челеби (1411) және Мехмет сұлтанның әкесі II Мұрат (1422 ж.) 62 жылда 6 рет қоршауға алды. Бірақ ала алмады. Осман империясының негізін қалаушы Осман Газиден бастап Ыстамбұлды жаулап алу кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалдырылған парыз болды [4, 28-30 s.]. Сондықтан, Фатих Мехмет Ыстамбұлды жаулап алу оқиғалары мен мақсаттарымен атасы мен әкесінің қасында өсті және Стамбулды алу идеясы Фатихтің санасына ерте қонған еді.

Әу баста қалыптасқан саяси жағдай бойынша Ыстамбұлды жаулап алудың көптеген себептері болды, соның ішінде діни, ұлттық, саяси, әскери, экономикалық және мәдени себептер немесе ең болмағанда осындай себептерді көрсетуге болады. Бірақ тағы бір себеп бар, яғни Мехмет ханзаданың бұрынғы кезеңдеріндегі өмір тәжірибесі, жетістіктері, сәтсіздіктері, діни және ұлттық болмысы мен ұстанымы, оның ерекшеліктері, ата-анасының оны қалай өсіргені және жас кезіндегі мотивациялары және айналасындағылардың үміттері оны Стамбулды бағындыруға түрткі болған. Нақты айтқанда, психология және әсіресе психоанализ деректері бойынша адамның сәби кезінен бастап көрген тәжірибесі оның тұлғасы мен іс-әрекетін алдағы жылдарда бағыттайтыны туралы түсінік Мехметте дәлелденген [5, 144 s.].

Фатихтің жетістіктерінің ең маңызды себептерінің бірі- әкесі II Мұраттың табыстары. Психологиялық деректерге сүйенсек, әкелердің күш-қуаты мен күш-қуаты ұлдарының жастық шағында қызғаныш сезімін тудыратыны, ұлының онымен бәйгеде әкесінен озуға ұмтылатыны белгілі. Фатих әкесіне қарағанда сенімдірек болды [6]. Демек, Фатих де белгілі бір мағынада әкесінің жетістіктерімен жарысты деп айта аламыз. Фатихтің Ыстамбұлды жаулап алу кезінде Византия елшісіне: "Қожайындарыңа айтыңдар. Қазіргі Осман сұлтаны бұрынғыларға ұқсамайды. Тіпті олардың армандары да менің қазіргі құдіретім жеткен жерлерге жете алмады" деген сөзі осыны дәлелдегендей. Сондықтан Фатих өзінің әкесі мен атасынан да табысты екенін көрсету үшін бар күшін салды [6, 6 s.].

Византия құлағаннан кейін пайда болған саяси жағдай континентте алға басып келе жатқан түріктерге қарсы күштерді жұмылдыру үшін Батыста еуропалықтар арасында өзара ынтымақтастық мәселесі көтерілді. Еуропада католик шіркеуінің христиандық бірлікке шақыруы мен Крест жорығын уағыздау мұндағы саяси көзқарасты өзгертті. Бұл идеяны батыстықтар қолға алғаны көрсетіледі. Түріктерге қарсы идеологиялық шараларды ұйымдастыруды Касиетті Рим империясының билік өкілдері немесе императордың өзі емес, діни қауымдастық басшылары мен гуманистер ұйымдастырды. Христиан діні өкілдерінің арасында түріктерді Еуропадан қуып шығару тек бір мемлекет емес, бүкіл еуропалық кеңістіктегі міндет ретінде қарастырылды. Бірақ бұл жоспарды жүзеге асыру қиын болып, бұл жолда туындаған басты мәселені барлық гуманистер континентте саяси бірліктің жоқтығынан көрді. Еуропада әулеттер арасында орын алған кикілжіңдерді тоқтату мен ішкі саяси бірлікті нығайту жұмыстары батыстық ағартушылар үшін ең маңызды қызметтердің біріне айналды [7].

Түріктер де қапыда қалғысы келген жоқ. Олар да христиандарға соққы беру үшін ең қолайлы сәттерді қарастырды. Итальяндық Қайта өрлеу заманының өкілдері арасынан мұсылмандарды өз қылышымен өздерін кесу туралы идеяларды ойластырды. Солардың бірі, гуманист Флавио Биондо мұны келесі бір крест жорығын ұйымдастырудың бастамасы ретінде көрсетті және ол өз идеясы мен ұранын христиандар арасында бейбітшілік

орнатудан бастауға шақырды. Мәселені шешу үшін Батыс әлемінде талантты көшбасшы іздеді, алайда оған сай келетін үміткерлер бірден табылмады. Түріктерге қарсы күресті басқаруға лайықты деп табылған тұлғалар сол кездегі итальян және испан мемлекеттерінің өкілдері Рим Папасы Николай V, Арагон және Неаполь королі Альфонсо V және Қасиетті Рим императоры III Фридрих саналды.

Соның нәтижесінде балалық және жастық шақтың эмоционалдық құрылымы, осы кезеңдерде басынан өткен әлеуметтік әсерлер мен маңызды оқиғалар кейінірек жасалатын қадамдар мен қабылданатын шешімдерде айтарлықтай тиімді екенін көрдік деп айта аламыз. Қазіргі кезде түрік қоғамында Мехемттің ерлігі мен оның Ыстамбұлды алудағы ерлігін ырымға балайды. Мысалы түріктер әрбір болашақ ұрпағымызды Фатих Сұлтан Мехмет сияқты өсіре алмасақ та, олардың балалық және жастық шағында алған тәжірибелері кейінгі жылдардағы істеріне негіз болатындықтан, олардың біліміне мұқият болғанымыз жөн дейді.

Фатихтің нағыз сұлтан болған 1451 жылдан 1481 жылы қайтыс болғанға дейінгі 30 жылдық билігі кезінде ерекше адамның өміріне сыймайтын жетістіктерін 1444-1451 жылдар аралығындағы өмір тәжірибесіне негіздеу психоаналитикалық деректерге сәйкес келеді. Х. Иналжык айтқандай; «Фатих Сұлтан Мехмет осы империялық дағдарыста өмір сүріп, оның шешімін әкелді.». Басында сұрағанымыз: «Қоғамдар ұлы адамдар жасайды ма, әлде ұлы адамдар ұлы қоғамдар жасайды ма?» Ұлы көшбасшылар ұлы қоғамдарды дүниеге әкеледі деген сұраққа жауап ретінде Фатих үшін дәлірек болып көрінеді. Әлеуметтік ортаның ерекшеліктері адамды көшбасшыға айналдырғанымен, мұндай орталар шығарған көшбасшылардың көшбасшылық қасиеттері де болатыны шындық. Әйтпесе, көшбасшылық қасиеті жоқ адамды ешбір орта көшбасшы ете алмайды.

Қорыта келгенде, Константинопольдің алынуы – бір қаланың жаулануы ғана емес, тұтас бір тарихи кезеңнің жабылып, жаңа дәуірдің басталуы. Бұл оқиға әлемдік тарихта империялардың қалай өркендейтіні мен күйрейтінінің нақты мысалы бола отырып, мемлекеттің күштілігі мен тұрақтылығы үшін саяси даналықтың, реформалар мен діни төзімділіктің маңызын көрсетті. Сондықтан бұл тарихи кезеңді зерттеу әрі бағалау қазіргі заман үшін де өзекті әрі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Kritovoulos, History of Mehmed the Conqueror. Translated from the Greek Charles T. RIGGS. Princeton University Press, 1954. – 222 p.
2. Vatin, N. Osmanlıların Yükselişi (1451-1512). R. Mantran, & A. Yalkut (Dü.) içinde, Osmanlı İmparatorluğu Tarihi (S. Tanilli, Çev.). İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. 2016. – 992 s.
3. İnalcık H., Fatih Devri Üzerine Tetkikler ve Vesikalar. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1995. – 245 s.
4. Semiha Ayverdi, Edebi ve Manevi Dünyası İçinde Fatih, İstanbul: İSTANBUL FETİH CEMİYETİ, 1990, - 333 s.
5. Kuşat Ali. Fatih Sultan Mehmet'in Kişiliği ve Fetihteki Rolü. (Psikanalitik Bir Yaklaşım). // Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi Sayı: 14 Yıl : 2003/1. - 131-148 s.
6. Tansel S., Osmanlı Kaynaklarına Göre Fatih Sultan MehmetAnkara : Türk Tarih Kurumu, 2014. – 370 s
7. Mertens D. Europaische Friede und Turkenkrieg im Spatmittelalter // Zwischenstaatliche Friedenswahrung in Mittelalter und Friiher Neuzeit / Hrsg. Von H. Durchhardt. Koln, Wien. 1991.- S. 45-73.

Agricultural Sciences

STIMULATION OF THE KINETICS OF GERMINATION OF THE SEEDS OF HORSE BEANS WITHOUT THE COATING WITH USE OF MINERAL SPRING WATER “SLAVYANKA” AZERBAIJAN

Gurbanov Nusrat Heydar
Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, International Center for Master's and Doctoral Studies, https://orcid.org/0009-0002-5076-5354, Azerbaijan State University of Economics (UNEC), Baku, Azerbaijan
Gadimova Natavan Safar
Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Department of Engineering and Applied Sciences, Faculty of Food Engineering, https://orcid.org/0000-0003-1939-1796, Azerbaijan State University of Economics (UNEC), Baku, Azerbaijan
Akhundova Nazilya Abdul
Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Candidate of Biological Sciences, Associate Department of Engineering and Applied Sciences, Faculty of Food Engineering, https://orcid.org/0000-0001-9769-2741, Azerbaijan State University of Economics (UNEC), Baku, Azerbaijan
Maharramova Mehriban Hamid
Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Department of Engineering and Applied Sciences, Faculty of Food Engineering, https://orcid.org/0000-0002-8359-5112, Azerbaijan State University of Economics (UNEC), Baku, Azerbaijan
Gurbanova Rena Islah
PhD Student, Department of Engineering and Applied Sciences, Faculty of Food Engineering, Azerbaijan State University of Economics (UNEC), Baku, Azerbaijan
Guluzade Narmina Hamil
Master's Student, Department of Organic Substances Technology and High Molecular Compounds, Faculty of Chemical Technology, http://orcid.org/0009-0004-9921-323X, Azerbaijan State Oil and Industry University (ASOIU), Baku, Azerbaijan

ABSTRACT

This article discusses the germination of broad bean seeds (Faba Vulgaris Moench) without a shell, exploring various options for using aqueous mediums for soaking and germination. The objective of this study is to identify the most optimal conditions for germinating shelled broad bean seeds and obtaining enhanced samples with sprouts by utilizing natural mineral spring water from local sources to meet nutritional needs. In the experiments, distilled, tap and natural spring mineral water (Gadabay district of Azerbaijan, mineral water “Slavyanka”) were used for soaking and germination of broad bean seeds without shell (without peel) with further germination with tap

water. In this case, broad bean seeds for soaking and germination were utilized in their natural state and in shelled state, obtained according to a previously modified method proposed by the authors, where preliminary short-term hydrothermal treatment was used to activate and remove the peel. As a result of the experiments, it was found that the use of natural spring still water with a rich mineral and anionic composition for soaking shelled bean seeds (cotyledons) in all variants of the study, during the germination process, gives better samples in terms of the length and weight of the resulting sprouts than when using unshelled natural seeds. The new technology allows us to expand the range of natural stimulants for the germination of agricultural crops (broad beans) for the purpose of using in the food industry
Keywords: broad bean seeds, distilled water, drinking water, germination, mineral water "Slavyanka".

1. Introduction

The richness in protein content [1], biologically active substances, vitamins, and mineral salts [2] in the composition of legumes has rendered them an indispensable product for organizing a healthy human diet in modern conditions. Beans serve as a source of levodopa (L-dopa), a precursor of dopamine, and could potentially be explored as a treatment for Parkinson's disease [3]. Despite these benefits, legumes occupy less than 4% of arable land in Europe, and European legume seeds are underutilized for animal and human nutrition. European authorities are now promoting the development of legumes for sustainable agriculture [4].

Due to insufficient knowledge about the biology of this crop, a lack of techniques and methods adaptable to specific soil and climatic conditions, limited understanding of seed biotechnology, dependence on their preparation, and other factors, the production volume for sowing is currently unsatisfactory [5]. Considering that the dry seeds of faba beans-pakhla are comparable in protein content to the well-known soybean, the significance of improved sowing methods for the production of this crop in the field conditions becomes evident.

The yield of agricultural crops is influenced by various factors: natural soil fertility [6], weather, organic fertilizers, seeds, hybrids [7], soil cultivation, mineral fertilizers ameliorants, plant protection products.

In the process of producing grain and seed (legume) food products, the most nutritionally constituent components of the raw materials are removed or lost due to existing rigid techniques and treatment modes. In this regard, the preliminary application of biotechnological, including endoenzymatic treatment modes due to the activation of the own enzyme systems of raw materials of grain and legume seed is gradually becoming popular and the most beneficial for production and manufacturers.

The effect of sprouting on the physicochemical properties of certain grains and legumes has been studied. The results showed that the germination process increased the phenolic content of all samples [8].

C.K. Skovbjerg and others studied fava bean varieties for seed yield, yield stability and the relationship between seed yield and protein content at four sites in Denmark and Finland. High-yielding cultivars consistently outperformed the lower yielding genotypes, even under the most advense conditions, and the effect of GxE on protein content were limited [9].

Three water qualities (electrical conductivity, EC ~ 2, 100 and 500 µS cm-1 with a low SAR representing rain, canal-runoff and irrigation water respectively) and semi-arid loam and clay soils were tested to evaluate an effect of soil texture and water quality on water retention, and aggregate and structure stability using the high energy moisture characteristic (HEMC) method [10].

Dekka Srenuja and co-authors established a significant improvement in alpha-amylase activity, foaming ability, foaming stability and other indicators of bean seeds, depending on their condition during germination in the peeled state [11].
Biologically active compounds and antioxidant activity of mung bean (*Vigna radiata* L.), soybean (*Glycine max* L.) and black bean (*Phaseolus vulgaris* L.) during germination were studied. It was found that the optimal time for sprout germination was 3-5 days, when the total content of bioactive compounds and antioxidant activity reached their peak values [12]. α-galactosides negatively affect the digestibility of legume grains, changes in α+-galactosides during germination and high-pressure treatment of legume seeds were studied. The content of α-galactosides in legume seeds were decreased by germination up to 16% of original value [13].

2. Literature review and problem statement

Numerous studies conducted in recent years have addressed the challenges of enhancing the quality of seed crops during the germination process, which is crucial for obtaining food raw materials for various culinary purposes. All the factors mentioned above emphasize the importance of research focused on addressing germination issues.
This study investigated the kinetics of the improved germination process of pre-activated broad bean (Faba vulgaris Moench) without a shell (in peeled state), aiming to stimulate germination and enhance the nutritional and biological value of the mass. Examined the effects of distilled water, tap water, and spring mineral water “Slavyanka” (from the Gadabay district of Azerbaijan) during the pre-soaking phase. Simultaneously considered variations in seed size (small and large) for soaking, analyzed germination rates, and examined changes in the chemical composition, including the amino acid composition, of bean seed proteins during the germination process. Investigating such issues is also necessary for conservation and improving the ecosystem on the planet. The problems of improving the sowing qualities of seeds are also important for green herbs, which are necessary for restoring land cover and conservation of the landscape.

3. The aim and objectives of the study

The objects of the study were small and large seeds of broad beans in natural and pre-activated shelled state from the Windsor brown variety, collected from of the Lankaran zone of the Azerbaijan. Laboratory distilled water, drinking tap water and mineral spring non-carbonated water “Slavyanka” district Azerbaijan, were utilized to soak the seeds. Sample preparation and germination technology of the bean seeds were identical to those conditions as indicated in our previous works [14,15].

4. Result and discussion

Germination of seeds took 72 hours, including their soaking time for 21 hours. The germination of broad bean seeds was carried out after appropriate short-term preliminary hydrothermal treatment with drinking water, peeling, soaking and bioactivation, as a result of which germinated samples with and without shells with sprouts were obtained. The advantages of such treatment were confirmed in our early studies [16].
It should be noted that with this treatment of beans it is possible simultaneously to minimize the amount of anti-nutrients (contained in the seed coat of beans) and increase the yield of sprouts after germination. Soaking of both types of seeds were carried out by using distilled, drinking tap and spring mineral water “Slavyanka” followed by germination with drinking water at a

temperature of 22-24°C. It is possible to reduce expenses of valuable spring water under such germination conditions.
Germination energies were determined by counting seeds over 3 or 4 days. It is an indicator of the harmony of their germination. Germination capacity refers to the ability to produce normal sprouts under optimal germination conditions within the period established for each crop. Germination capacity varies as a percentage of the total number of seeds taken for germination. For most field crops, the determination period is 7 days. Typically, bean seeds absorb 150 to 400% of water when soaked. Germination ability was determined according to methods for determining germination energy and germination ability [16].
The yield sprouts biomass and sprouts length were determined by weighing and measuring by using conventional methods. The chemical composition of bean seeds was determined using generally accepted methods. The amino acid composition of proteins in germinated, shelled seed samples soaked in spring mineral water for stimulation was determined on a Hitachi LA8080 analyzer.
The quality indicators of the distilled, tap drinking and mineral spring water "Slavyanka" utilized for soaking and germination of natural with shell and pre-shelled bean seeds are presented in Table 1.

Table 1. The quality indicators of different types of water utilized for soaking and germination beans

Water	Concentration of minerals, mg/l						pH
	Ca ++	$HCO3^-$	Mg + +	Cl^-	$SO4^{--}$	Na+ K+	
Mineral water "Slavyanka"	25.8	268	9.03	11	85.0	114.0	6.8
Tap Drinking	71.5	-	11.4	22.9	-	14.1	7.36
Distilled	Complies with standard				-	-	7.0

Preliminary research has shown that using distilled water to soak beans produces approximately the same results as seeds soaked in tap water during germination.
The yield of sprout biomass (including, sprout length) obtained from shelled bean seeds during the germination process, depending on the type of soaked water, is presented in Table 2.

Table 2. The yield of biomass and the length of sprouts of germinated seed samples without shells after bioactivation, by %

Sprouted Samples	Length of sprouts, cm and biomass yield for each length, by %			
	Less than 3.5	3.5-5.0 cm	5.0-7.0 cm	more than 7.0 cm
By using drinking tap water	23.18	18.30	45.60	12.92
By using mineral water “Slavyanka”	12.30	30.50	44.60	12.60

As it can be seen from the data in Table 2, soaking of pre-activated shelled broad bean seeds in spring mineral water “Slavyanka” provides better conditions for bioactivation of samples, which is apparently due to the cationic and anionic composition of mineral spring water “Slavyanka”, compared to drinking tap water. The presence of hydrocarbonate and sulfate ions in the composition of spring water confirms this fact (Table 3).

Table 3. Chemical composition of “Slavyanka” mineral water

Composition	Indicators
Ca^{2+}	< 32 mg/l
Mg^{2+}	< 7 mg/l
Na^{+}	< 25 mg/l
K^{+}	< 1 mg/l
pH	7.10–7.70
HCO_3^{-}	< 125 mg/l
Cl^{-}	< 5 mg/l
J^{-}	< 0.011 mg/l
SO_4^{2-}	< 30 mg/l

** TS EN İSO 9001:2015; TS EN İSO 14001:2015; TS EN İSO 22000:2018*

These results are in good agreement with the results of those data from Table 4, which indicates that the efficiency of germination of pre-activated shelled broad bean seeds pre-soaked in mineral spring water in all cases is better than when using ordinary drinking tap water for this purpose. That the use of mineral spring water “Slavyanka” for soaking pre-activated shelled broad bean seeds, followed by bioactivation with drinking tap water, provides better germination ability and increased germination energy of seeds during the process of their germination.

The efficiency indicators during the germination process of natural with shell and pre-activated shelled broad bean seeds, using various types of water for soaking and germination, are presented in Table 4.

Table 4. Efficiency indicators during the germination process seeds

Utilized types of beans (large ones)	Germination efficiency indicators		
	Control (distilled water)	"Slavyanka" mineral water	Tap drinking
Germination ability			
1. Natural seeds with shell	98	100	100
2. Shelled seeds	98.6	100	98
Germination energy			
1. Natural seeds with shell	85	94	90
2. Pre-activated shelled seeds	90	98	95

Based on preliminary search experiments, our studies selected a classification of sprouted bean seeds. This classification was determined by grouping the seeds according to the size of the sprouts formed during germination. The length of sprouts was assessed by using the evaluation of the germination results of seed samples from the corresponding legume crop, which were utilized in their typical unshelled state. The results were grouped by average sprout length for both small and large broad bean seed samples as: "minimum ones," "small ones," "medium ones," "large ones," and "maximum ones."

The value of germination energy for the samples of broad bean seeds, was expressed in the form of quantitative ratios (in %) of seeds germinated after three days, depending on the size of the beans and the type of water utilized for soaking are presented Fig.1.




Fig.1. Germination energy (%) of shelled and unshelled (whole) broad bean seeds when using drinking tap and mineral water "Slavyanka": 1 a –small whole seeds sprouted with drinking tap water; 1 b –small shelled seeds sprouted with drinking tap water; 2 a –small whole seeds sprouted with mineral water "Slavyanka"; 2 b –small shelled seeds sprouted with mineral water "Slavyanka"; 3 a –large whole seeds sprouted with drinking tap water; 3 b –large shelled seeds sprouted with drinking tap water; 4 a –large whole seeds sprouted with drinking mineral water "Slavyanka"; 4 b –large shelled seeds sprouted with drinking mineral water "Slavyanka".

As the results of the study showed, the most intensive and stable germination of beans occurs in pre-activated shelled seeds, moreover, the larger the samples, the greater the mass of sprouts they form. One hundred percent germination usually occurs in pre-activated shelled samples,

regardless of their size. This process occurs much more intensively, where mineral water "Slavyanka" is utilized to soak the seeds.

In comparison to unshelled (whole) seeds, almost in all samples of pre-activated shelled bean seeds in the germination process, regardless of their size, double sprouting occurs, with a simultaneous improvement in their chemical composition (Table 5).

Table 5. Chemical composition of shelled broad bean seeds before and after germination (mineral water "Slavyanka")

Indicators of chemical composition	Shelled seeds before germination	Germinated shelled seeds with sprouts
Total protein, g/100g	35.4	39.35
Fats, g/100g	1.2	1.33
Cellulose, g/100g	1.4	1.53
Starch, g/100g	47.2	36.5
Glucose, g/100g	-	0.24
Fructose, g/100g	0.4	0.25
Sucrose, g/100g	3.8	2.92

In the process of germination of pre-activated shelled broad bean seeds there appears to be an improvement in the process of activation of certain enzymes, which subsequently accelerate and determine the process of obtaining sprouts in double quantity, both in length and in their mass. Sorting the quantitative ratio of groups of sprouts in both samples of beans subjected to germination also determined the optimal germination conditions, under which the formation of the largest quantities of sprouted beans with sprouts of groups of sizes varies as "medium ones", "large ones" and "maximum ones".

The results of germination of small and large samples of pre-activated shelled and untreated whole broad bean seeds are presented in Figures 2 and 3.




Fig.2. Results of germination of large broad bean seeds after preliminary hydrothermal treatment and peeling




Fig.3. Results of germination of small broad bean seeds after preliminary hydrothermal treatment and peeling

